



Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас
жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі

Мемлекеттік қызметтерді алушылардың құқықтары



ҚЫЗМЕТ АЛУШЫЛАР:

- 1 Мемлекеттік қызметтер алу кезінде тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша қандай да бір кемсітушіліксіз теңдей қол жеткізуге;
- 2 Көрсетілетін қызметті берушіден мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәртібі туралы толық және анық ақпаратты қолжетімді нысанда алуға;



*Мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы ақпаратты 1414 байланыс телефоны арқылы Бірыңғай байланыс орталығына хабарласып қызметтерді көрсету орындарындағы стендтерден, сайттардан, электронды үкімет веб-порталынан алуға болады.

- 3 Мемлекеттік қызметтердің нақты тәртібі, мерзімдері мен нәтижелері көрсетілген стандарттары мен регламенттеріне сәйкес мемлекеттік қызметтерді алуға;

- 4 Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына арттыру мақсатында мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарының жобаларын жария талқылауларға қатысуға;

- 5 Орталық мемлекеттік органның, облыстың, жергілікті атқарушы органының, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) олардың қызметкерлерінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен шағымдануға;

- 6 Мемлекеттік қызметтер көрсету саласында бұзылған құқықтарды, бостандықтар мен заңды мүдделерді қорғау туралы талап арызбен сотқа жүгінуге құқығы бар.

*Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар және шетелдік заңды тұлғалар мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді Қазақстан Республикасының азаматтарымен және заңды тұлғаларымен тең жағдайда алады.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің Салтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментіне осы телефондарға жүгіне аласыз:
Тел: 87152-36-01-62

